"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымы саласында екінші санаттағы рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 637 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2026 жылғы 25 мамырдағы № 368 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 26 мамырда № 38787 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымы саласында екінші санаттағы рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 637 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21281 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындылар беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

реттік нөмірлері 1, 2, 3 және 4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Қару мен оның патрондарының саны туралы, әкелуге (әкетуге) жауапты тұлғаның (Жеке тұлғаның) тегі, аты-жөні, паспорттың немесе жеке куәліктің нөмірімен сериясы туралы, әкелінетін мемлекет тура | 2020 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 254 бұйрығымен бекітілген "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру" және "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қ | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **лы, әкелу жүзеге асырылатын кеден бекеті (шекаралық өткізу пункті) туралы мәліметтер** | **азақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 болып тіркелген) 1-қосымшаларға сәйкес нысандардағы жеке және заңды тұлғаның өтініші** | |
| 2 | Еуразиялық экономикалық комиссиясы Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге,<br>әкетуге және транзиттеуге арналған қорытындының (рұқсат құжатының) бірыңғай нысанын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделген қорытынды жобасының болуы. | Еуразиялық экономикалық комиссиясы Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген, үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге арналған бірыңғай нысанын толтыру (рұқсат құжатының) жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтарға сәйкес ресімделген қорытындының жобасы. | |
| | Қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | жауаптылықтан босатылған, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 108-1 (бірінші бөлігінде), 109-1, 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны бойынша соттылығының жоқтығы.<br>Экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің жоқтығы | Құжат ұсынылмайды | Қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда шетелдік азаматтарды қоспағанда соттылықтың болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді ішкі істер органдарының қызметкері Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының цифрлық жүйесінен алады.<br>Жарамдылық мерзімдері өтпеген құжаттар топтамасын өтініш беруші ұсынғаннан кейін құжаттарды қараушы ішкі істер органдарының қызметкері экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы ақпаратты сұратады. |
| 4 | Мемлекеттік бажды төлеу (тек заңды тұлғалар үшін) | Мемлекеттік бажды төлеу туралы төлем құжаты ұсынылмайды | Ішкі істер органдарының қызметкері мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты цифрлық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жүйеден "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тексереді |

";

реттік нөмірлері 6 және 7-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **6** | **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 219** бұйрығымен **бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10747 болып тіркелген) Криминалистік талаптар мен азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, сондай-ақ конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдарды сынау әдістерін бекіту туралы оларды сәйкестендіру және заңсыз қолдан жасау мүмкіндігін болғызбау мақсатында қойылатын арнайы техникалық талаптар, Криминалистік талаптар сәйкестік сертификаты немесе қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін сертификаттау жүргізуге арналған шарт (уақытша әкелінетін (әкету) кезінде ұсынылмайды)** | **Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытындысы** | |
| 7 | Қосымша: | | |
| | 1) Жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжаттардың немесе жеке басын куәландыратын құжаттардан мәліметтердің (сериясы, нөмірі, қашан және кімнің бергені, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты мекенжайы) болуы | Құжат ұсынылмайды ( Қазақстан Республикасының бейрезиденттерін қоспағанда) | Ішкі істер органдарының қызметкері жеке тұлғалардың құжаттары туралы мәліметтерді мемлекеттік деректер базасы цифрлық жүйесінен алады (Жеке тұлғалар) алады, сондай-ақ шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Паспорттың есепке алу" біріктірілген деректер банкінің есебі бойынша тексереді |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2) Заңды тұлғалар үшін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу | Құжат ұсынылмайды | Ішкі істер органдарының қызметкері заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді мемлекеттік деректер базасының цифрлық жүйесінен алады (Заңды тұлғалар) |

";

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына құқығының болуы | Уәкілетті ішкі істер органы берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензиясы ( ұсынылмайды) | Ішкі істер органдарының қызметкері азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензиясының бар болуы туралы мәліметтерді " Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы (бұдан әрі – ЕЛ МДБ ЦЖ) цифрлық жүйесінен алады |

";

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **11** | **Қаруды сатып алу құжатының болуы** | **Қаруды сатып алу құқығына рұқсат (ұсынылмайды)** | **Ішкі істер органдарының қызметкері азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттың бар болуын ЕЛ МДБ ЦЖ арқылы алады** |

";

реттік нөмірі 14-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **14** | **Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына құқығының болуы** | **Уәкілетті ішкі істер органы берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензия (ұсынылмайды)** | **Ішкі істер органдарының қызметкері азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензиясының бар болуы туралы мәліметтерді ЕЛ МДБ ЦЖ арқылы алады** |

";

реттік нөмірі 19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19 | Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына құқығының болуы | Уәкілетті ішкі істер органы берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензия (ұсынылмайды) | Ішкі істер органының қызметкері азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензиясының бар болуы туралы мәліметтерді ЕЛ МДБ ЦЖ арқылы алады |

";

реттік нөмірі 21-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| 21 | Қаруды сатып алуға (әкелу, әкету кезінде сәйкестікті растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу үшін) құжат | Қаруды сатып алу құқығына рұқсат (ұсынылмайды) | Ішкі істер органдарының қызметкері азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттың бар болуын ЕЛ МДБ<br>ЦЖ арқылы алады |

";

реттік нөмірі 24-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| 24 | Қаруды сатып алу құжаты<br>(әкелу кезінде сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу мақсатында, жеке пайдалану үшін) | Қару сатып алу құқығына рұқсаты (ұсынылмайды) | Ішкі істер органдарының қызметкері азаматтық қаруды сатып алуға рұқсаттың бар болуын ЕЛ МДБ ЦЖ арқылы алады |

";

реттік нөмірі 30-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| 30 | Әкетуге көзделген қаруды сақтау немесе сақтау және алып жүру құқығына рұқсаттың болуы | Әкетуге көзделіп отырған қаруды сақтау немесе сақтау және алып жүру құқығына рұқсат (ұсынылмайды) | Ішкі істер органдарының қызметкері әкетуге көзделген<br>қаруды сақтау немесе сақтау<br>және алып жүру құқығына<br>рұқсаттың бар болуын ЕЛ МДБ<br>ЦЖ арқылы алады |

";

реттік нөмірі 34-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| 34 | | Әкелінетін қаруды сақтау үшін жағдай жасалғандығын растайтын құжаттама (үй-жайды жалға алу шар | Ішкі істер органдарының қызметкері атыс орны мен тирдің жұмыс істеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Әкелінетін қаруды сақтау үшін жағдайлардың болуы** | **ты, қаруды сақтауға рұқсат, атыс орны мен тирдің жұмыс істеуіне рұқсат)** | **және сақтауға рұқсаттың болуын ЕЛ МДБ ЦЖ арқылы алады** |

";

реттік нөмірі 38-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **38** | **Әкетілуі көзделген спорттық қаруды сақтау құқығы** | **Әкетілуі көзделген спорттық қаруды сақтау құқығына рұқсат (ұсынылмайды)** | **Ішкі істер органдарының қызметкері әкетілуі көзделген спорттық қаруды сақтау құқығына рұқсаттың бар болуын ЕЛ МДБ ЦЖ арқылы алады** |

";

реттік нөмірі 46-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| 46 | Әкетілуі көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығы | Әкетуге көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығына рұқсат (ұсынылмайды) | Ішкі істер органдарының қызметкері әкетілуі көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығына рұқсаттың бар болуын ЕЛ МДБ ЦЖ арқылы алады |

";

реттік нөмірі 49-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **49** | **Әкетілуі көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығы** | **Әкетілуі көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығына рұқсат (ұсынылмайды)** | **Ішкі істер органдарының қызметкері әкетілуі көзделген аңшылық қаруды сақтау құқығына рұқсаттың бар болуын ЕЛ МДБ ЦЖ арқылы алады** |

";

реттік нөмірі 56-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **56** | **Жеке тұлғаның (өтініш берушінің) жеке басын растайтын құжаттың бар болуы** | **Жеке тұлғаның (өтініш берушінің) жеке басын растайтын құжатты Қазақстан Республикасының бейрезиденттері ұсынады** | **Ішкі істер органдарының қызметкері Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді мемлекеттік деректер базасы цифрлық жүйесінен алады (Жеке тұлғалар)** |

";

реттік нөмірі 64-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **64** | **Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу** | **Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжатты Қазақстан Республикасының бейрезиденттері ұсынады** | **Ішкі істер органдарының қызметкері заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді мемлекеттік деректер базасы цифрлық жүйесінен алады ( Заңды тұлғалар)** |

";

реттік нөмірі 68-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| 68 | Өтініш берушінің транзитпен тасымалданатын өнімді жеке қорғауды күзет қызметін жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғалардың жүзеге асыруын қамтамасыз етуі | Өтініш берушінің транзитпен тасымалданатын өнімді жеке қорғауды жүзеге асыруды қамтамасыз ететінін растайтын құжат (күзет шарты) | Ішкі істер органдарының қызметкері жеке қорғауды жүзеге асыратын заңды тұлғаның күзет қызметін жүзеге асыру құқығын растайтын құжатты ЕЛ МДБ ЦЖ арқылы алады |

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

реттік нөмірлері 1 және 2-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Өтініш | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 254 бұйрығымен бекітілген "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" және " Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидаларына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 болып тіркелген) 1 -қосымшаларға сәйкес нысандардағы жеке және заңды тұлғаның өтініші | |
| | | | Ішкі істер органдардың қызметкері жеке және заңды тұлғаның |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттардың немесе мәліметтердің және заңды тұлға туралы мәліметтердің болуы | Құжат ұсынылмайды | құжаттары туралы мәліметтерді мемлекеттік деректер базасы (Жеке және Заңды тұлғалар) цифрлық жүйесінен алады |

";

реттік нөмірлері 4, 5, 6 және 7-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **4** | **Қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық** кодексінің **Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің** 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында **көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің** 108-1 **(бірінші бөлігінде),** 109-1, 287 **(бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде),** 289, 296 **(бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде),** 389 **(бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің** 73, 453, 461, 476, 477, 478 **және** 488-баптарында **көзделген екі** | **Құжат ұсынылмайды** | **Ішкі істер органдарының қызметкері шетелдік азаматтарды қоспағанда, қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда соттылықтың болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының цифрлық жүйесінен алады. Құжаттарды қараушы ішкі істер органдарының қызметкері экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы ақпаратты өтініш беруші жарамдылық мерзімдері өтпеген құжатт** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **мшілік құқық бұзушылық жасағаны бойынша сотты лығының жоқтығы. Экстремизмге, терроризм ге немесе ұйымдасқан қы лмысқа қарсы күрес желі сі бойынша ішкі істер жә не (немесе) ұлттық қауіпс іздік органдарының есепт ерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәлі меттердің жоқтығы** | | **ар топтамасын ұсынғанна н кейін сұратады.** |
| 5 | Қаруды қауіпсіз ұстау қағидалары нан білімнің болуы | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйр ығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) бекітілген нысаны бойынша азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне даярлау (қайта даярлау) бағдарламаларынан өткені туралы анықтама. Азаматтық және қызметтік қарудың саудасын жүзеге асыратын заңды тұлғалар басшының мөрімен ( болған жағдайда) және қолымен расталған қаруға рұқсат беретін құжат береді (құжат еркін түрде толтырылады ) | Қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымдар береді. Спорт шебері кандидатынан төмен емес разряды бар Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының мүшесі-спортшылар ұсынылмайды |
| 6 | Мемлекеттік бажды төлеу | Мемлекеттік бажды төлеу туралы төлем құжаты (ұсынылмайды) | Ішкі істер органдарының қызметкері мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты цифрлық жүйеден "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тексереді |
| | | Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | Аң аулау құқығының бар болуы (аң аулауға қатысу үшін қаруды сатып алғанда) | 2026 жылғы 27 наурыздағы № 58 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 38248 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша аңшы куәлігі. | Азаматтық қаруды өзін-өзі қорғау мақсатында алып жүру құқығынсыз сатып алатын азаматтар ұсынбайды |

";

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **11** | **Техникалық нығайту жөніндегі талаптарға жауап беретін және өрт-күзет сигнализациясымен жабдықталған қару мен оның патрондарын, сақтауға, сатуға арналған арнайы жабдықталған үй-жайлар** | **Құқық белгілейтін құжаттар (ұсынылмайды) және (немесе) қару мен оның патрондарын сақтау және (немесе) өткізу үшін арнайы жабдықталған үй-жайларды жалға алу шарты** | **Ішкі істер органдардың қызметкері қызметтік қаруды сақтауға арналған арнайы жабдықталған үй-жайдың меншік құқығын растайтын мәліметтерді "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы (жылжымайтын мүлік тіркелімі) цифрлық жүйесінен алады.<br>Қару мен оның патрондарын сақтауға және (немесе) сатуға арналған арнайы жабдықталған үй-жайлардың құқық белгілейтін құжаттарын тексеруді және олардың болуын өтініш берілгеннен кейін рұқсатты ресімдеуді жүзеге асыратын ішкі істер органдарының қызметкері жүргізеді** |

";

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **16** | **Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына құқығының болуы** | **Уәкілетті ішкі істер органы берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензия (ұсынылмайды)** | **Ішкі істер органдарының қызметкері азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасына лицензиясының болуы туралы мәліметтерді ЕЛ МДБ ЦЖ арқылы алады** |

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсат беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

реттік нөмірлері 1 және 2-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:
"

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Өтініш | 2020 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 254 бұйрығымен бекітілген "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру" және "Заңды тұлғаларға қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 болып тіркелген) 1-қосымшаларға сәйкес нысандардағы жеке және заңды тұлғаның өтініші | |
| 2 | Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттардың немесе мәліметтердің және заңды тұлға туралы мәліметтердің болуы | Құжат ұсынылмайды | Ішкі істер органдардың қызметкері жеке және заңды тұлғаның құжаттары туралы мәліметтерді мемлекеттік деректер базасының (Жеке және Заңды тұлғалар) цифрлық жүйелерінен алады |

";
реттік нөмірлері 4, 5 және 6-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:
"

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 108-1 (бірінші бөлігінде), 109-1, 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны бойынша соттылығының жоқтығы.<br>Экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің жоқтығы | Құжат ұсынылмайды | Ішкі істер органдарының қызметкері қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда соттылықтың болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының цифрлық жүйесінен алады.<br>Құжаттарды қараушы ішкі істер органдарының қызметкері экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы ақпаратты өтініш беруші жарамдылық мерзімдері өтпеген құжаттар топтамасын ұсынғаннан кейін сұратады. |
| | | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйр | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Қаруды қауіпсіз ұстау қағидалары нан білімнің болуы | ығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) бекітілген нысаны бойынша азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне даярлау (қайта даярлау) бағдарламаларынан өткені туралы анықтама. Азаматтық және қызметтік қарудың саудасын жүзеге асыратын заңды тұлғалар басшының мөрімен ( болған жағдайда) және қолымен расталған қаруға рұқсат беретін құжат береді (құжат еркін түрде толтырылады ) | Қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымдар береді. Спорт шебері кандидатынан төмен емес разряды бар Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының мүшесі-спортшылар ұсынылмайды |
| 6 | Мемлекеттік бажды төлеу | Мемлекеттік бажды төлеу туралы төлем құжат (ұсынылмайды) | Ішкі істер органдарының қызметкері мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты цифрлық жүйеден "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тексереді |

";

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **8** | **Аң аулауға құқығы** | **Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2026 жылғы 27 наурыздағы № 58** бұйрығымен **бекітілген нысан бойынша аңшы куәлігі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 38248 болып тіркелген).** | **Ішкі істер органдарының қызметкері құжат бар болуы туралы мәліметтерді мемлекеттік органдардың цифрлық жүйесінен алады** |

";

реттік нөмірі 18-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 18 | **Күзетшілерді даярлау (біліктілігін арттыру) жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары берген күзетші ретінде жұмыс істеу үшін даярлықтан өтуі ( күзеті қызметі субъектілері үшін)** | **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 143** бұйрығына **(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10557 болып тіркелген) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Заңды және жеке тұлғалардың мүлкін, оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзету және аумағында қару, оқ-дәрілер және жарылғыш заттар бар объектілерді күзету жөніндегі қызметтер көрсететін күзетшілердің біліктілігін арттыру курсын бітіргені туралы куәлік** | |

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қарумен оның патрондарын тасымалдауға рұқсат беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

реттік нөмірлері 1 және 2-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Өтініш | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 254 бұйрығымен бекітілген "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" және "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидаларына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 болып тіркелген) 1 -қосымшаларға сәйкес нысандардағы жеке және заңды тұлғаның өтініші | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттардың немесе мәліметтердің және заңды тұлға туралы мәліметтердің болуы | Құжат ұсынылмайды | Ішкі істер органдардың қызметкері жеке және заңды тұлғаның құжаттары туралы мәліметтерді мемлекеттік деректер базасының ( Жеке және Заңды тұлғалар) цифрлық жүйесінен алады |

";

реттік нөмірлері 4, 5, 6 және 7-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **4** | **Қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы, Қазақстан Республикасы** Қылмыстық кодексінің **Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің** 127**,** 128**,** 131**,** 382**,** 434**,** 437**,** 438**,** 440**,** 443**,** 444**,** 448**,** 450**,** 462**,** 481**,** 482**,** 484**,** 485**,** 485-1**,** 486**,** 487**,** 489**,** 490**,** 492**,** 493**,** 506-баптарында **көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің** 108-1 **(бірінші бөлігінде),** 109-1**,** 287 **(бірінші бөлігінде),** 288 **(төртінші бөлігінде),** 289**,** 296 **(бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде),** 389 **(бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық турал** | **Құжат ұсынылмайды** | **Ішкі істер органдарының қызметкері қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда соттылықтың болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді цифралық жүйесінен алады. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының цифрлық жүйесінен алады. Құжаттарды қараушы ішкі істер органдарының қызметкері экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы ақпаратты өтініш берушi жарамдылық мерзімде** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ы кодексінің 73, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны бойынша соттылығының жоқтығы.<br>Экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің жоқтығы | | рі өтпеген құжаттар топтамасын ұсынғаннан кейін сұратады. |
| 5 | Қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларынан білімнің болуы | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) бекітілген нысаны бойынша азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне даярлау (қайта даярлау) бағдарламаларынан өткені туралы анықтама.<br>Азаматтық және қызметтік қарудың саудасын жүзеге асыратын заңды тұлғалар басшының мөрімен ( болған жағдайда) және қолымен расталған қаруға рұқсат беретін құжат береді (құжат еркін түрде толтырылады ) | Қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымдар береді.<br>Спорт шебері кандидатынан төмен емес разряды бар Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының мүшесі-спортшылар ұсынылмайды |
| 6 | Мемлекеттік бажды төлеу | Мемлекеттік бажды төлеу туралы төлем құжаты (ұсынылмайды) | Ішкі істер органдарының қызметкері мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты цифрлық жүйеден "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тексереді |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | Меншік құқығындағы немесе аумақтық көліктік бақылау органы берген қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға арнайы рұқсаты бар арнайы жабдықталғанавтокөлік құралын жалға алу құқығының болуы ( автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде) | Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) 1 -қосымшаға сәйкес нысаны бойынша меншік құқығындағы немесе тасымалдауды жүзеге асыруға арнайы рұқсаты бар арнайы жабдықталған автокөлік құралын жалға алу құқығын растайтын құжаттың көшірмесі | Ішкі істер органдарының қызметкері аумақтық көліктік бақылау органы берген қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға арнайы рұқсаты бар арнайы жабдықталған автокөлік құралының меншік құқығын растайтын құжатты мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінен алады |

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **2** | **Толық сауалнамалық дер ектердің болуы** | **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 365** бұйрығына **(Норм ативтік құқықтық актілер ді мемлекеттік тіркеу тізі лімінде № 11219 болып ті ркелген) 3-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы** | |

";

реттік нөмірлері 4, 5 және 6-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының | | Ішкі істер органдарының қызметкері қару мен оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда соттылықтың болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Бас |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 462, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 108-1 (бірінші бөлігінде), 109-1, 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 453, 461, 476, 477, 478 және 488-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны бойынша сотталығының жоқтығы.<br>Экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға | Құжат ұсынылмайды | прокуратурасының цифрлық жүйесінен алады.<br>Құжаттарды қараушы ішкі істер органдарының қызметкері экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есептерінде қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы ақпаратты өтініш беруші жарамдылық мерзімдері өтпеген құжаттар | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтердің жоқтығы | | топтамасын ұсынғаннан кейін сұратады. |
| 5 | Қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларынан білімнің болуы | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) бекітілген нысаны бойынша азаматтық және қызметтік карудың иелері мен пайдаланушыларын азаматтық және қызметтік каруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне даярлау (қайта даярлау) бағдарламаларынан өткені туралы анықтама. Азаматтық және қызметтік қарудың саудасын жүзеге асыратын заңды тұлғалар басшының мөрімен (болған жағдайда) және қолымен расталған қаруға рұқсат беретін құжат береді (құжат еркін түрде толтырылады) | |
| 6 | Заңды тұлғаның жарғысы, ережелері және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) | Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік ұсынылмайды | Ішкі істер органдарының қызметкері заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді мемлекеттік деректер базасының цифрлық жүйесінен алады (Заңды тұлғалар) |

".

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң мен нормашығармашылық үйлестіру департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы ішкі істер министрі* | *Е. Саденов* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК